Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы талдамалық

АНЫҚТАМА

Түркістан қаласы **09.10.2026 жыл**

Кіріспе бөлім:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – Ішкі талдау) жүргізу негіздемесі:

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2025 жылғы 18 қарашадағы №410-IV Заңының 6 бабы 5-тармағына және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Түркістан облысының 2016 жылғы 19-қаңтардағы №12 бұйрығына сәйкес енгізу туралы Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 16-қаңтардағы №21 бұйрығына, Түркістан қаласы «Түркістан-Су»мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2026 жылғы 05 тамыздағы №45-ӨҚ бұйрығына сәйкес, кәсіпорында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыстары жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі мынадай құрамда жүргізілді:

Б.Мурзабеков – директор, Қ.Журабеков – бас инженер, М.Сейтхалиев – комплаенс-офицері, А.Сындарова – бас есепші, А.Абдраимов – есеп айырысу есепшісі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау кезеңі: 09.10.2026-30.10.2026 жыл.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың бағыттары:

1. Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы;

2. Мүдделер қақтығысын анықтау;

3.Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

4. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

1. Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы;

Түркістан қаласы әкімдігінің «Инфрақұрылым және коммуникациялар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Түркістан-Су» мемлекеттік кәсіпорнында жалпы – 249 штат саны бар. Оның ішінде бос жұмыс орны саны – 1. Жұмыс жасап отырған қызметкерлер саны – 248.

Бос жұмыс орындары «Электрондық еңбек биржасы» мемлекеттік ақпараттық порталына тұрақты түрде жарияланып отыр.

Бос жұмыс орындары «Электрондық еңбек биржасы» мемлекеттік ақпараттық порталына жариялау кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері байқалмайды.

Қазіргі таңда «Түркістан-Су» МКК-да жұмыс жасап отырған қызметкерлердің 214*(86.29%)* – ер азаматтар, 34*(13.71%)* – әйел азаматшалары. Зейнет жасына шыққан қызметкерлердің саны – 47*(18.95%)*. Мүгедектік топқа жататын қызметкерлер саны – 13 *(5.24% оның ішінде 11 қызметкер – III топта, 2 қызметкер – II топта).*

Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезінде жасалатын рәсімдер:

2026 жыл басынан – 57 қызметкер жұмысқа қабылданды. Барлық жұмыскерлер «Түркістан қалалық Мансап орталығының» жолдамасы және жеке өтініш негізінде жұмысқа қабылданған. Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес Жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттары толығымен алынған.

Жұмысқа қабылдану кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері байқалмайды.

Еңбек демалысы, еңбекке жарамсыз болған және ақысыз демалысқа шыққан қызметкерлер туралы:

Жыл басынан – 167 қызметкер еңбек демалысына шыққан. Бөлім басшыларының кәсіпорын директорына жазған қызметтік хаты мен қызметкердің келісімімен – 71 қызметкер кері шақыртып алынған.

Еңбекке жарамсыз болған қызметкерлер саны – 42. Еңбекке жарамсыз болған қызметкерлер толығымен анықтамаларын кадр маманына өткізген. Ақысыз демалысқа шыққан қызметкерлердің саны – 40. Қызметкерлердің жеке өтініші негізінде бұйрық шығарылған.

Еңбек демалысы, еңбекке жарамсыз болған және ақысыз демалысқа шыққан қызметкерлер кезінде сыбайлас жемқорлық тәуеукелдері байқалмайды.

Тәртіптік шара алған қызметкерлер туралы:

Жыл басынан - 5 қызметкерге тәртіптік шара көрілген. 3 – қызметкерге ескерту, 2 – қызметкерге сөгіс берілген. Қызметкерден түсініктеме алынып, Еңбек кодексінің 64-бабына сәйкес жүргізілген.

Тәртіптік шара көру барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері байқалмайды.

Жұмыстан босатылған қызметкерлер туралы:

Жыл басынан – 54 қызметкер жұмыстан босатылған. Директордың бастамасымен ешқандай қызметкер жұмыстан босатылмаған.

Жұмыстан босатылған қызметкерлер негізінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері байқалмайды.

2. Мүдделер қақтығысын анықтау;

Кәсіпорын қызметшілері «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес туындаған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы, өздеріне бұл жөнінде мәлім болғанымен, жазбаша ешқандай хабарлама түспегендіктен, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында жүргізілген ішкі талдау нәтижесінде кәсіпорында мүдделер қақтығысы анықталмады.

3. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кәсіпорынның мүлкі құны оның балансында көрсетілетін активтерді құрайды.

Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталға қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде кәсіпорын қызметкерлері арасында бөлуге болмайды.

Кәсіпорынның мүлкі:

1) меншік иесі оған берген мүлікті;

2) өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлікті (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден тұрады.

Кәсіпорын өзінің жарғылық мақсаттарында көзделген қызметті қамтамасыз ету үшін қажет немесе осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлікті ғана басқара алады.

Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер жарғыда өзгеше көзделмесе немесе осы заттық құқықтың сипатына қайшы келмесе, меншік құқығын және өзге де заттық құқықтарды алу және тоқтату үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген шарттарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудан түсетін кірістер, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша сатып алған мүлік меншік құқығын алу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе меншік иесінің шешімінде өзгеше белгіленбесе, меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы оның балансында мүлікті бекіту сәтінде туындайды. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен шығаруға құқығы жоқ.

Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу құқығы меншік құқығын тоқтату үшін Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 249-бабында көзделген негіздер бойынша және тәртіппен, сондай-ақ өзге де нормативтік-құқықтық актілерде көзделген жағдайларда тоқтатылады.

Шаруашылық жүргізу құқығын тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, меншік иесінің шешімі бойынша мүлікті кәсіпорыннан заңды түрде алып қою жағдайында

шаруашылық жүргізу құқығы тоқтатылады. Заңды алып қою жағдайларына, атап айтқанда, мыналар жатады:

1) кәсіпорынның жарғылық қызметінің мақсаттарына сай келмейтін мүлікті алып қою;

2) артық, пайдаланылмайтын не мақсатына сай пайдаланылмайтын мүлікті алып қою.

Кәсіпорын өзіне шаруашылық жүргізу құқығымен бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде немесе уәкілетті органда өзгеше белгіленбесе, мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақша дербес пайдаланылады.

Осылайша, ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

4. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

Бюджет және қаржы қаражатын игеруге және бөлуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау. Кәсіпорынның қызметі даму жоспарына сәйкес өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады.

Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

Бюджет қаражатын игеру және бөлу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Осылайша жоғарыда баяндалғаннын негізінде мынындай ұсыным енгізілді:

Бөлімшелердің басшылары өздерінің функционалдық міндеттері мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын мүлтіксіз сақтауы жөніндегі шараларды қатаңдату.

Келісілген:
«Түркістан Су» МКК Директоры
09.10.2026 жыл — Б.Мурзабеков

Сыбайлас-жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау жүргізген жұмысшы
топ құрамы:
Бас инженер — Қ.Журабеков
Сыбайлас-жемқорлыққа қарсы
Комплаенс қызметкері — М.Сейтхалиев
Бас есепші — А.Сындарова
Есеп айырысу есепшісі — А.Абдраимов